



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАНҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№89 (10489) 13 ҚАРАША, БЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

МӘСКЕУ ТӨРІНДЕГІ МАЗМҰНДЫ ДИАЛОГ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ВЛАДИМИР ПУТИННІҢ ШАҚЫРУЫМЕН МӘСКЕУГЕ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫЛАРЫ МӘСКЕУДЕ БЕЙРЕСМИ ЖАҒДАЙДА ЖҮЗДЕСІП, ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК ПЕН ОДАҚТАСТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ОДАН ӘРІ ДАМУЫ ТӨСЕМЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ.



Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей тарапынан көрсетілген ерекше құрмет пен жылы қабылдау үшін ризашылығын білдірді.

– Құрметті Владимир Владимирович, Мәскеуге, осынау қасиетті жерге табаным тиген сәттен бастап көрсетілген ерекше сый-құрмет үшін сізге ризашылығымды білдіремін. Ресей астанасындағы ыстық ықылас мені қатты қуантты. Екіжақты ынтымақтастық стратегиялық серіктестік, одақтастық қатынастар сипатына ие. Барлық бағытта бірлесе жұмыс атқарып келеміз. Мемлекеттеріміз арасында ешқандай түйткіл жоқ. Мәселе туындаған күннің

өзінде президенттер мен үкіметтер басшыларының күш-жігері арқасында оң шешімін табады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті бұл кездесу бірқатар өзекті мәселелер бойынша пікір алмасуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Өз кезегінде Ресей Президенті Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевтың Мәскеуге жасаған сапарына жоғары баға беріп, елдер арасындағы байланыстардың берік екенін айтты.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, ең алдымен, сізге уақыт тауып, келіскеніміздей, келгеніңіз үшін алғыс айтамын. Біз үнемі байланыстамыз, алайда мемлекетаралық қатынастарда

мұндай протоколдық кездесулер де маңызды. Бүгін бейресми жағдайда әңгімелесіп, өзекті мәселелерді талқылаймыз. Ертең әріптестермен бірге екіжақты қарым-қатынастың күн тәртібін қарап, перспективті бағыттарға назар аударамыз. Осы жылды жақсы нәтижелермен аяқтаймыз деп сенемін, – деді Владимир Путин.

Президенттер кездесу барысында саяси, экономикалық және гуманитарлық бағыттардағы ынтымақтастықтың қазіргі ахуалы мен болашағын талқылап, аймақтық өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

«Манғыстау» ақпарат.

Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

- Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары бекітілсін.
- Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
- Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 5 қараша
№1081

(Жалғасы 2-бетте)

ЖАСТАР – ЖИ дәуірінің басты күші

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БАРЛЫҚ САЛАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ БОЛУҒА ТИІС ДЕП САНАЙДЫ. ОНЫҢ ПІКІРІНШЕ, ЖИ – ЕЛІМІЗДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ, ЦИФРЛЫҚ ДЕРБЕСТІГІНІҢ ТІРЕГІ.

Қазіргі таңда адам өмірін түбегейлі өзгерткен жаңа технологиялардың бірі – жасанды интеллект. Жасанды интеллект – компьютерлер мен арнайы бағдарламалардың адам сияқты ойлап, шешім қабылдап, кей жағдайларда адамның ойлау қабілетінен асып түседі. Бүгінде жасанды интеллект әр түрлі салаларға еніп, адам өмірін жеңілдетуде.

Мемлекет басшысының кеңесшісі Мәлік Отарбаев Манғыстау облысына жұмыс сапары аясында «Президент Жолдауы: жаңашылдық – жастарға жаңа мүмкіндік» тақырыбында Yessenov университетінің студенттерімен кездесті. Іс-шараның мақсаты – президент бастамаларын жастарға түсіндіру, цифрлық даму мен жасанды интеллект саласындағы жаңа үрдістерді талқылау.

Жиын басында Yessenov университетінің ректоры Берік Ахметов президент кеңесшісіне оқу орнында атқарылып жатқан жұмыстар мен цифрлық бағыттағы жобалар туралы баяндады.

(Жалғасы 3-бетте)

• БҮГІНГІ САНДА

Аксәуле ҚАРАШ: ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТАЛҒАМЫ ЕРЕКШЕ

СӘН – ТЕК КИІМ ЕМЕС, ОЛ – АДАМНЫҢ МІНЕЗІ МЕН ТАЛҒАМЫНЫҢ АЙНАСЫ. ОСЫ ҰСТАНЫМДЫ ӨМІРЛІК ҚАҒИДАСЫНА АЙНАЛДЫРҒАН АКСӘУЛЕ ҚАРАШ – БҮГІНДЕ ОТАНДЫҚ СӘН ИНДУСТРИЯСЫНДА ӨЗ ҚОЛТАҢБАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ДИЗАЙНЕРЛЕРДІҢ БІРІ.



» 7